

**Қарағанды облысы білім басқармасының
Абай ауданы білім бөлімінің
«Аққу»бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**Тақырыбы: «Балалар мен ата-аналарға арналған үй- ойын орны».
«Балапан» мектепалды тобы.**

**Тәрбиешілер: Ескараева.А.К
Палымбетова.АБ.**

2025 оқу жылы

«Аққу» бөбекжай» КМҚК-да консультация пункт жұмысының Ақпан айындағы жұмыс жоспары бойынша «Балалар мен ата-аналарға арналған үй-ойын орны». «Балапан» мектепалды тобының тәрбиеленуші «Балалар мен ата-аналарға арналған үй-ойын орны», анасымен бірге «Асхана» сюжетті-рөлді ойынын ойнады. Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету мақсатында балаларды бірлесіп, ұқыпты ойнауға дағдыландыру.

«Асхана» сюжетті-рөлді ойыны балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, қарым-қатынас жасауға



және қоршаған ортаны танып-білуге көмектеседі. Бұл ойында балалар әртүрлі рөлдерді сомдайды, мысалы:

- **Аспаз** – тағам дайындайды, мәзір құрастырады.
- **Даяшы** – тапсырыс қабылдайды, тамақ әкеледі.
- **Келуші** – тамаққа тапсырыс береді, төлем жасайды.
- **Кассир** – төлем қабылдайды, есеп жүргізеді.

Ойын барысында балалар өзара сөйлесіп, асханадағы қызмет көрсету процесін үйренеді. Бұл олардың сөйлеу, сыпайылық, санасу және ұйымшылдық қабілеттерін дамытады.

Ойынға қызықты элементтер қосу үшін, нақты асхана мәзірін жасауға, ойыншық ақшалар пайдалануға немесе нағыз ыдыстарды қолдануға болады. Осылайша, балалар өздерін нағыз асханада жүргендей сезінеді.

